Бұл нұсқаулықтағы қауіпсіздік шаралары мен нұсқаулар құралды қолдану кезінде туындауы мүмкін барлық жағдайларды қамтымайды. Бұл құрылғымен жұмыс кезінде қолданушы ақылға сүйеніп, абай әрі мұқият болуы тиіс.

ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

- Өндіруші қауіпсіздік техникасы талаптарын және бұйымды пайдалану ережелерін ұстанбаудан туындаған зақымдар үшін жауап бермейді.
- Бұл электр аспап тұрмыстық жағдайларда әзірлеуге арналған көпфункционалды құрылғы болып табылады және пәтерлерде, қала сыртындағы үйлерде немесе өнеркәсіптік емес пайдаланудың басқа жағдайларында қолданыла алады. Құрылғыны өнеркәсіптік немесе кез келген басқа мақсатсыз пайдалану бұйымды дұрыс пайдалану шарттарын бұзу болып табылады. Бұл жағдайда өндіруші ықтимал салдарлар үшін жауап бермейді.
- Құрылғыны электр желіге қосудың алдында оның кернеуі аспап қоректенуінің номиналды кернеуіне сәйкес келетінін тексеріңіз (бұйымның техникалық сипаттамасын немесе зауыттық кестешесін қараңыз).
- Аспаптың тұтынылатын қуатына арналған ұзартқышты пайдаланыңыз. Бұл талапты ұстанбау қысқа тұйықталуға немесе кабельдің тұтануына әкеліп соқтыруы мүмкін.
- Аспапты тек жерлендірілген розеткаға қосыңыз – бұл тоқ соғуға қарсы қорғаныстың міндетті талабы. Ұзартқышты пайдаланылғанда ол да жерлендірілгеніне көз жеткізіңіз.

STOP

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Аспап жұмыс істеп тұрғанда оның корпусы, табағы мен металдық бөлшектері қызады! Абай болыңыз! Асханалық қолғапты пайдаланыңыз. Ыстық буға күйіп қалмау үшін қақпақты ашқанда құрылғының үстінде еңкеймеңіз.

STOP

ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ: электр қоректену кабелін кездейсоқ зақымдасаңыз, кепілдік шарттарына сәйкес келмейтін ақауларға, сонымен қатар электр тоғының соғуына әкеліп соқтыруы мүмкін. Зақымданған электр бауы сервис-орталықта жылдам ауыстыруды талап етеді.

- Аспапты жұмсақ бетке орнатпаңыз, оны жұмыс кезінде жаппаңыз – бұл құрылғының қызуына және бұзылуына әкеліп соқтыруы мүмкін.
- Жұмыс кезінде аспаптың қозғалатын бөліктерін ұстамаңыз.
- Аспапты ашық ауада пайдалануға тыйым салынады – құрылғы корпусының ішіне ылғал немесе бөтен заттар тисе, қатты зақымдар болуы мүмкін.
- Аспапты тазалаудың алдында ол электр желіден ажыратылғанына және толық суығанына көз жеткізіңіз. Аспапты тазалау бойынша нұсқаулықтарды қатаң ұстаныңыз.

STOP

Аспап корпусын суға батыруға немесе су ағынына түсіруге ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ!

- Бұл аспап физикалық, жүйке немесе психикалық ауытқулары бар немесе тәжірибесі мен білімі жетіспейтін адамдардың (оның ішінде балалардың) қолдануына арналмаған, мұндай тұлғалар қадағаланып, олардың қауіпсіздігі үшін жауап беретін тұлға осы аспапты қолдануға қатысты нұсқау жасалған жағдайлардан басқа. Балалардың аспаппен, оның жинақтаушыларымен, сонымен қатар зауыттық орамымен ойна-

уына жол бермеу мақсатында қадағалап отыру қажет. Құрылғыны тазалау және қызмет көрсетуді балалар ересектердің қарауынсыз жасамауы тиіс.

- Аспапты өздігіңізбен жөндеуге немесе құрылымына өзгеріс енгізуге тыйым салынады. Қызмет көрсету және жөндеу бойынша барлық жұмыстарды авторландырылған сервис-орталық жасауы керек. Біліксіз жасалған жұмыс аспаптың бұзылуына, жарақат пен мүлік зақымдануына әкеліп соқтыруы мүмкін.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Аспапты кез келген ақауы бар болғанда пайдалануға тыйым салынады.



САҚ БОЛҢЫҢЫЗ! Ыстық бет!

Техникалық сипаттамалар

Үлгі	RBM-M1921
Қуаты.....	550 Вт
Кернеуі.....	220-240 В, 50 Гц
Электр тоғымен зақымданудан қорғау.....	1 дәреже
Корпус материалы.....	тат баспайтын болат, пластик
Пісіруге арналған қалып жабыны.....	күйге қарсы Whitford «Xylan Plus»
Дисплей.....	жарықтық диодты
Қуаттан тәуелсіз жады.....	25 минут
Электрлік сым ұзындығы.....	1 м
Габаритті өлшемдері (ені × биіктігі × ұзындығы).....	233 × 322 × 310 мм
Таза салмағы	4 кг

Тамақ даярлаудың автоматты бағдарламалары

- | | |
|---|---|
| 1. ОСНОВНОЙ ХЛЕБ («НЕГІЗГІ НАН») | 13. ИТАЛЬЯНСКИЙ ХЛЕБ («ИТАЛЬЯН НАН») |
| 2. ФРАНЦУЗСКИЙ ХЛЕБ («ФРАНЦУЗДЫҚ НАН») | 14. РЖАНОЙ ХЛЕБ («ҚАРА БИДАЙ НАН») |
| 3. ЦЕЛЬНОЗЕРНОВОЙ ХЛЕБ («ТҮТАС ДӘН-ДІ НАН») | 15. ЗАМЕС («АРАЛАСТЫРУ») |
| 4. СДОБА («ТОҚАШ») | 16. ДРОЖЖЕВОЕ ТЕСТО («АШЫТҚЫЛЫ ҚА-МЫР») |
| 5. БЕЗГЛЮТЕНОВЫЙ ХЛЕБ («ГЛЮТЕНСІЗ НАН») | 17. ЗАМЕС С ИЗМЕНЕНИЕМ ВРЕМЕНИ («УАҚЫТТЫҢ ӨЗГЕРУІМЕН ИЛЕУ») |
| 6. БЫСТРЫЙ ХЛЕБ («ЖЫЛДАМ ПІСЕТІН НАН») | 18. ХЛЕБ ДЛЯ СЭНДВИЧЕЙ («СЭНДВИЧТЕР-ГЕ АРНАЛҒАН НАН») |
| 7. КЕКС («КЕКС») | 19. ЙОГУРТ («ЙОГУРТ») |
| 8. ДЕСЕРТЫ («ДЕСЕРТТЕР») | 20. ДЖЕМ («ТОСАП») |
| 9. СУП («КӨЖЕ») | 21. БИСКВИТ («БИСКВИТ») |
| 10. ТУШЕНИЕ («БҰҚТЫРУ») | 22. МОЛОЧНАЯ КАША («СҮТ БОТҚАСЫ») |
| 11. БОРОДИНСКИЙ ХЛЕБ («БОРОДИНДІК НАН») | 23. РАССТОЙКА И ВЫПЕЧКА («БҰҚТЫРУ ЖӘНЕ ПІСІРУ») |
| 12. ХЛЕБ С ДОБАВКАМИ («ҚОСПАЛАР ҚО-СЫЛҒАН НАН») | 24. ВАРКА («ПІСІРУ») |
| | 25. МУЛЬТИПЕКАРЬ («МУЛЬТИНАУБАЙШЫ») |

Функциялар

Стартты кейінге қалдыру.....	15 сағатқа дейін
Дайын тағамдар температурасын сақтау (автожылыту).....	60 мин дейін
Қабықша түсін таңдау.....	ашық / орташа / күңгірт
Пісірме салмағы.....	500 / 750 г

Жинақталу

Нан пісіргіш.....	1 дана
Пісіруге арналған қалып.....	1 дана
Өлшеуіш стақан.....	1 дана
Өлшеуіш қасық.....	1 дана
Қамыр араластыруға арналған қалақша.....	2 дана
Араластыруға арналған қалақты шығаруға арналған ілмек.....	1 дана
Кітабы рецептілерді.....	1 дана
Пайдалану жөніндегі нұсқаулық.....	1 дана
Сервистік кітапша.....	1 дана

Өндіруші келесі өзгерістер туралы қосымша хабарландырусыз өз өнімдерін жетілдіру барысында дизайнға, жинақталуға, сонымен қатар бұйымның техникалық сипаттамаларына өзгерістер енгізуге құқылы. Техникалық сипаттамаларда ±10% қателікке жол беріледі.

Құрылғысы (A1 сурет, 4 бет)

1. Кіші қақпақ
2. Негізгі қақпақ
3. Қосымша ингредиенттерге арналған диспенсер
4. Қыздырғыш камера
5. Пісіруге арналған қалып
6. Қамыр араластыруға арналған қалақша
7. Дисплеймен басқарылатын панель
8. Ауыстыруға арналған тұтқа
9. Құралдың корпусы
10. Электрқуатының шнуры
11. Өлшегіш стақан
12. Өлшеуіш қасық
13. Араластыруға арналған қалақты шығаруға арналған ілмек

Басқару тақтасы (A2 сурет, 5 бет)

1. «БЫСТРЫЙ ХЛЕБ» бағдарламасын жылдам таңдау батырмасы
2. Дайын өнім салмағын таңдау батырмасы
3. Өнім қабықшасының түсін таңдау батырмасы
4. «МУЛЬТИПЕКАРЬ» бағдарламасын жылдам таңдау батырмасы
5. Әзірлеу уақытын орнату / уақытын қою режиміне өтуді кейінге шегеру батырмасы
6. Әзірлеу бағдарламасын таңдау батырмасы
7. «ЗАМЕС» бағдарламасын жылдам таңдау батырмасы

8. Жасалған баптамаларды нөлге түсіру / даярлау бағдарламасын батырмасы
9. Даярлау бағдарламасын қосу батырмасы

Дисплей (A3 сурет, 5 бет)

1. Пісірме салмағының индикаторлары
2. Қабығының түсінің индикаторлары
3. Әзірлеу бағдарламасының реттік нөмірінің индикаторы
4. Сандық индикатор
5. Стартты / әзірлеу уақытын кейінге қалдыру индикаторы
6. Илеу индикаторы
7. Қамырды араластыру арасындағы пауза индикаторы
8. Толықсыту индикаторы
9. Қыздырып пісіру индикаторы
10. Автожылыту индикаторы

I. ПАЙДАЛАНА БАСТАУ АЛДЫНДА

Бұйым мен оның құрамдастарын қорاپтан абайлап шығарыңыз. Барлық орау материалдары мен жарнамалық жапсырмаларды алып тастаңыз.



Корпустағы ескертетін жапсырма, жапсырма-көрсеткіш (бар болса) және бұйымның сериялық нөмірі бар кестешені орнында міндетті түрде сақтаңыз!

Тасымалдау немесе төмен температураларда сақтаған соң аспапты қосар алдында кем дегенде 2 сағатқа бөлме температурасында ұстау керек.

Бұйым корпусын сулы шүберекпен сүртіп, кептіріңіз. Аспапты алғаш пайдаланған кезде бөге иістің пайда болуының алдын алу үшін оны тазалаңыз («Аспап күтімi» қар.).

Қолданар алдында құрылғының ішкі және сыртқы бөліктерінде жарықтар мен басқа ақаулардың, зақымдардың жоқтығына көз жеткізіңіз. Аспапты жылу көздерінен, аспапқа су, ыстық май мен басқа кірдің түсуі ықтимал жерлерден алыста, қатты тегіс көледен бекте орнатыңыз. Орнату барысында оның қасында жоғары температурадан зардап шегуі мүмкін декоративті жабындылар, электрондық аспаптар мен басқа заттардың болмағанын қадағалаңыз. Нан пешті үстелдің шетіне жақын, сонымен қатар қабырғалар мен басқа аспаптарға тығыз қоймаңыз. Аспалы жиһаздың астына орналастырған кезде қақпақты ашу үшін орын жететіндігіне көз жеткізіңіз.

Алғаш қосқан кезде дайын өнімді консервілеу барысында пайдаланылған техникалық майлардың жануынан шыққан соған тән иіс немесе жеңіл түтіннің пайда болуы мүмкін. Бұл заубы ақауы болып табылмайды.




Қыздырып пісіруге арналған қалыпты ішіне орнатпастан немесе бос қалыппен аспапты қоспаңыз – әзірлеу бағдарламасы кездейсоқ іске қосылған жағдайда бұл аспаптың қатты қызып кетуіне немесе күйге қарсы жабынының зақымдануына әкеледі.

II. ҚҰРАЛДЫ ПАЙДАЛАНУ


Қуаттан тәуелсіз жады


REDMOND RBM-M1921 нан пісіргіші қуаттан тәуелсіз жадымен қамтылған. Әзірлеу бағдарламасының жұмысы барысында электр қуаты сөндірілген жағдайда баптаулар аспап жадысында 25 минут бойы сақталады. Электрлік қоректенуді жандандырған кезде бағдарламаның орындалуы автоматты жалғастырылады. Қоректену 25 минуттан астам болмаған жағдайда баптаулар өшіріледі. Баптаулар өшірілген жағдайда электр желісіне қайта қосылған жағдайда аспап күту тәртібіне ауысады.

 Бағдарламаны қайта іске қосқан кезде әзірленген нан сапасы қалаулы нәтижеге сәйкес келмеуі мүмкін екендігін ескеру керек.

Автоматты бағдарламаларды пайдаланғандағы әрекеттердің жалпы тәртібі



1. Қамырды араластыруға арналған қалақшаны пісірмеге арналған қалыптағы өзекке орнатыңыз. Қосылғыштың берік екендігіне көз жеткізіңіз. Әзірлеуге арналған ыдысты және қалақты маймен майлаңыз.
2. Таңдалған рецептіге сәйкес қажетті ингредиенттерді өлшеп, оларды тостағанға салыңыз. Нан пісірген кезде және қамырды дайындаған кезде: рецептіге сәйкес негізгі және қосымша ингредиенттерді дайындаңыз. Егер рецептіде басқаша көрсетілмесе, барлық ингредиенттер бөлме температурасында болу керек. Негізгі ингредиенттерді нан пісіруге арналған қалыпқа рецептіде көрсетілген реттілікте салыңыз.
3. Нан пісіруге арналған қалыпты абайлап нан пісіргіштің қыздырғыш камерасына енгізіңіз, осы кезде оны аздап сағат тіліне қарсы бұрау керек. Қалып жетекті білікпен түзу, қиғаштықсыз жалғасу керек. Қалыпты тірелгенше сағат тілі бойынша бұрап, оны бекітіңіз. Қақпақты жабыңыз.

 Жұмыс ыдысын ширек бөліктен асыра немесе, аса қажет жағдайда, үштен бір бөлігінен асыра толтырмаңыз. Өзге жағдайда көтерілген кезде қамыр қалып жиектерінен қыздырғыш камераға төгіліп, қыздырғыш элементке түсуі және жетекті ластауы мүмкін, бұл, өз кезегінде, аспаптың сынуына алып келеді.


 Алдымен қалыпта сұйық ингредиенттерді (су, сүт) және/немесе жұмыртқаларды араластырыңыз. Су бөлме температурасында болу керек, себебі жоғары температура қамырды көтерілуіне жағымсыз әсер етеді. Стартты кейінге қалдыру тәртібін пайдаланған кезде тек құрғақ сүтті пайдаланыңыз, өзге жағдайда сүт әзірлеу басталғанша ұйып кетуі мүмкін.

Ашытқыны немесе қопсытқышты соңғы кезек қосыңыз. Бұл компоненттер сұйықтықтармен жанаспау керек, әйтпесе ашу үрдісі тым ерте басталады: нәтижесінде қатты, қатаң және қатқыл нан дайындалады. Ашытқы түзбен жанаспау керек. Ұн үйіндісінде ойық жасап, сонда ашытқыны немесе қопсытқышты салу ұсынылады.

4. Нан пісіргішті электр желісіне қосыңыз.




5.  батырмасы көмегімен әзірлеу бағдарламасын таңдаңыз. «БЫСТРЫЙ ХЛЕБ», «ЗАМЕС» және «МУЛЬТИПЕКАРЬ» бағдарламаларын сіз басқару панеліндегі тиісті пернелермен таңдай аласыз.
6. Кейбір бағдарламаларда қосымша ингредиенттерді салу мүмкіндігі қарастырылған (Автоматты әзірлеу бағдарламаларының жиынтық кетесін қараңыз): егер дисплейде  **DISPENSER** индикаторы жанып тұрса, Сіз диспенсерге қосымша ингредиенттер сала аласыз. Әзірлеу үдерісіндегі белгілі бір сәтте диспенсердің төменгі қақпағы ашылып, ингредиенттер қамырға автоматты түрде қосылады.
7. Қажет кезде әзірлеу уақытын өзгертіңіз немесе стартты кейінге қалдыру уақытын орнатыңыз («Әзірлеу уақытын орнату» және «Бағдарлама стартын кейінге қалдыру» қараңыз).

 пернесін басу – баптамалардың нөлге түсірілуіне әкеледі.

8. «ВЕС» батырмасы көмегімен дайын пісірме салмағының шамасын орнатыңыз. Рецепттер кітабындағы нұсқауларға және тостағанғағын ингредиенттер мөлшеріне сүйеніңіз. Пісірменің таңдалған салмағының индикаторы үздіксіз жанып тұрады. Әдепкі қалыпта 500 г салмақ белгіленген. Өнім салмағын таңдау мүмкіндігі барлық бағдарламаларда қарастырылмаған.
9. Өнім қабықшасының қалаулы реңкін (ашық, орташа, күңгірт) таңдау үшін «КОРОЧКА» батырмасын басыңыз. Таңдап алынған корочка түсінің индикаторы үздіксіз жанып тұрады. Тағайындалу бойынша «Средняя» (Орташа) шамасын орнатылған. Қабықша түсін таңдау мүмкіндігі барлық бағдарламаларда қарастырылмаған.
10.  батырмасын басыңыз және ұстап тұрыңыз. Таймер әзірлеу уақытының кері санағын бастайды Әзірлеу барысында дисплейдің төменгі бөлігіндегі индикаторлар әзірлеу кезеңін көрсетеді.


 Егер стартты кейінге қалдыру қызметі белсенді болса, дисплейде бағдарламаның жалпы жұмыс уақыты көрінеді (кейінге қалдыруды қоса алғанда).

Араластырудың алғашқы 5 минуты ішінде қамырдың сыртқы түрін бақылау керек. Одан дөңгелек тегіс түйір түзілу керек. Егер түйір түзілмесе, ингредиенттер дұрыс араласпаған.


 Бағдарламаның орындалуын баптауларды өзгертусіз уақытта тоқтату үшін  батырмасын басыңыз. Дисплейде уақыт шамасы жыпылықтай бастайды. Бағдарлама жұмысын жалғастыру үшін  батырмасын қайта басыңыз.

Нан пісіргіш қақпағын тек араластыру кезінде (жұмыс жасап жатқан мотор дыбысы естіледі) ашуға болады. Қамыр көтерілген немесе пісірілген кезде қақпақты ашу дайын өнім сапасының төмендеуіне алып келеді.





11. Әзірлеу бағдарламасының аяқталуы туралы сізге дыбыстық белгі хабар береді. Осыдан кейін, таңдалған бағдарламаға сәйкес, аспап автоматты түрде автожылыту тәртібіне немесе күту тәртібіне ауысады.

 Әзірлеу аяқталғаннан кейін нанды шығарып алмаңыз және кеспеңіз. Оны нан пісіретін пештің автожылытуы қосулы күйінде 1 сағатқа қалдыруға кеңес беріледі. Одан кейін

дайын өнімді аспаптан шығарып алып, толығымен суығанша бетін сүлгімен жауып қою керек.






- Бағдарлама жұмысын немесе автожылыту тәртібін тоқтату үшін  батырмасын басып, ұстап тұрыңыз.
- Әзірлеу аяқталғаннан кейін нан пісіргішті электр желісінен ажыратыңыз.

Әзірлеу уақытын орнату

Сіз аспаптағы тағам әзірлеу уақытын өз бетінше орната аласыз. Бұл функция барлық бағдарламалар үшін қолжетімді емес (Автоматты әзірлеу бағдарламаларының жиынтық кетесін қараңыз). Енгізілетін уақытты өзгерту қадамы мен болжалды диапазоны таңдалған әзірлеу бағдарламасына байланысты. Автоматты бағдарламаны таңдағаннан кейін, әзірлеу уақытын кеміту үшін -  :  пернелерін, ал ұлғайту үшін -  пернесін басыңыз.

Бағдарламаның басталуын кейінге қалдыру

Стартты кейінге қалдыру функциясы нан пісіруге қажетті (бағдарлама жұмысының уақытын ескерумен) уақыт аралығын белгілеуге мүмкіндік береді.



Бұл функция барлық бағдарламалар үшін қолжетімді емес (Автоматты әзірлеу бағдарламаларының жиынтық кетесін қараңыз). Енгізілетін уақытты өзгерту қадамы мен болжалды диапазоны таңдалған әзірлеу бағдарламасына байланысты. Автоматты бағдарламаны таңдағаннан кейін, әзірлеу уақытын кеміту үшін -  :  пернесін, ал ұлғайту үшін -  пернесін басыңыз. Дисплейдің төменгі бөлігіндегі  индикаторы жыпылықтай бастайды. Баптау аяқталғаннан кейін әзірлеу бағдарламасын іске қосыңыз. Сандық индикатор кейінге қалдырудың ескерілуімен әзірлеу уақытын көрсетеді








Егер рецептіде жылдам бұзылатын өнімдер (жұмыртқалар, балғын сүт, ет, ірімшік және т.б.) болса, стартты кейінге қалдыру функциясын пайдалану ұсынылмайды.



«МУЛЬТИПЕКАРЬ» бағдарламасы


Мынадай бірегей бағдарламаның көмегімен, илеу мен қоя тұрудың кезеңдеріне, сонымен қатар пісіру мен автожылытудың әрқайсысына уақыт белгілей отырып, сіз өзіңіздің жеке рецептіңіз бойынша нан дайындай аласыз. Дайындау уақытын өзгертуге болатын басқа бағдарламаларға қарағанда «МУЛЬТИПЕКАРЬ» бағдарламасында бастауды кейінге қалдыру функциясы бар.

- Бағдарламаны жедел іске қосу үшін басқару панеліндегі «МУЛЬТИПЕКАРЬ» тетігін басыңыз. Дисплейде бағдарламаның тәртіптік нөмірі және оның әдепкі қалыпта жұмыс істеу уақыты пайда болады.
- Қалауыңыз бойынша сіз «КОРОЧКА» пернесін баса отырып дайын өнімнің қабығының түсін таңдай аласыз.
- Өз қалауыңыз бойынша, іске қосылуын кейінге қалдыру уақытын белгілеуіңізге болады: Уақыт мәнін кеміту үшін -  пернесін, ал ұлғайту үшін -  пернесін басыңыз.

- Дайындау уақытын жөнге келтіруге өту үшін «МУЛЬТИПЕКАРЬ» тетігін басыңыз.
-  және  тетіктерін баса отырып бірінші кезеңнің ұзақтығын орнатыңыз және өзгерісті құптау және келесі кезеңді реттеуге өту үшін «МУЛЬТИПЕКАРЬ» тетігін басыңыз.
- Басқа да дайындау кезеңдерінің ұзақтығын осылайша орнатыңыз
- Өзгерістерді бекіту үшін және әрбір келесі кезеңді реттеуге өткенді бекіту «МУЛЬТИПЕКАРЬ» түймешесіне басыңыз.
- Барлық дайындау кезеңдерінің ұзақтығын орнатып болғаннан кейін  және  тетіктері арқылы автожылытудың ұзақтығын реттей аласыз.
- Баптауды аяқтау үшін  пернесін баса отырып бағдарламаны іске қосыңыз.

Автожылыту (дайын тағамдар температурасын сақтау)

«Автожылыту» функциясы бағдарлама жұмысы аяқталғаннан кейін автоматты түрде қосылады және дайын тағам температурасын 1 сағатқа дейін сақтай алады. Дисплейде  индикатор және осы режимдегі уақыттың тікелей есептемесі бейнеленеді. Қажет кезде автожылытуды  батырмасын басу және бірнеше секунд ұстап тұру арқылы сөндіруге болады.

 Бұл функция барлық бағдарламаларда қолжетімді емес (Автоматты әзірлеу бағдарламаларының жиынтық кетесін қараңыз).

Дайын нанды шығару

1. Аспап қақпағын ашыңыз. Асханалық қолғапты пайдаланып, нан пісіруге арналған қалыпты қолға алыңыз және оны сағат тіліне қарсы бұраңыз, кейін қыздырғыш камерадан шығарыңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Есте сақтаңыз, әзірлеу үрдісі аяқталғаннан кейін нан, қалып және қыздырғыш камера өте ыстық! Абай болыңыз, құйық шалудың алдын алу үшін асханалық қолғапты пайдаланыңыз! Нан салынған ыстық қалыпты дастарханға, пластикті немесе тұтануы немесе балқуы мүмкін басқа термосезімтал беттерге қоймаңыз!

2. Пісіруге арналған қалыпты аударып, дайын нанды қалыптан шығарыңыз, оны торламаға немесе тағамға қойыңыз. Нан салқындағанша 20 минут күтіңіз.



Нан пісіргіш құрылымы пісірменің тостағаннан шығарғаннан кейін араластыруға арналған қалақтың қалып ішінде білікте қалуы керектігін қарастырады. Егер бұл орын алмаса және ол нанда қалып қойса, бұл ақаулық болып табылмайды. Қалақты жинаққа кіретін арнайы ілмек көмегімен алып тастаңыз.

Пісіруге арналған қалыпқа және қалақшаға дақтардың пайда болуының алдын алатын және нанның алынуын жеңілдететін күюге қарсы жабын жағылған. Беттің зақымдануының алдын алу үшін төменде келтірілген нұсқаулықтарды сақтаңыз.

- Нанды ыдыстан алған кезде металл немесе өткір аспаптарды (мысалы, пышақ немесе айыр) пайдаланбаңыз.

- Нан бөлкесін кесу алдында оның ішінде араластыруға арналған қалақтың жоқ екендігіне көз жеткізіңіз. Егер қалақ іште болса, нан салқындағанша күтіп, қалақты арнайы ілмекпен шығарыңыз. Араластыруға арналған қалақпен абай болыңыз, себебі ол ыстық болуы мүмкін.
- Қатты, ірі дәнді немесе ірі ингредиенттер (мысалы, иленбеген ұн, қант, жаңғақтар немесе дәндер) әзірлеуге арналған ыдыстың күйге қарсы жабынын зақымдауы мүмкін. Ингредиенттердің көп мөлшерін пайдаланған кезде оларды шағын бөліктерге бөліңіз. Рецептілерде көрсетілген, ұсынылған көлемдерді және әрекет ету тәртібін сақтаңыз.

Әзірлеу бағдарламасының жиынтық кесте (зауыттық параметрлерді қалпы на келтіру)

Бағдарлама	Қолдану жөніндегі нұсқаулық	Бастапқы күйі бойынша әзірлеу уақыты		Әзірлеу уақытының диапазоны / орнату қадамы	Ингредиенттерді қосу дыбыстық белгі бойынша	Стартты шешеру	Автокыдыру	Қабықша түсін таңдау
		500 г	750 г					
ОСНОВНОЙ ХЛЕБ	Классикалық ақ нанды пісіру үшін қолданылады. Бағдарлама қамырды араластыруды, көтеруді және нан пісіруді қамтиды	3:45	3:50		✓	✓	✓	✓
ФРАНЦУЗСКИЙ ХЛЕБ	Қытырлақ қабықшалы жеңіл француздық нанды пісіру үшін қолданылады. Қамырдың ұзақ уақыт араластырылуын және көтерілуін қамтиды. Бағдарлама қамырды араластыруды, көтеруді және нан пісіруді қамтиды	4:55	5:00		✓	✓	✓	✓
ЦЕЛЬНОЗЕРНОВОЙ ХЛЕБ	Тұтас астықты ұннан нан пісіру үшін қолданылады. Бағдарлама қамырды араластыруды, көтеруді және нан пісіруді қамтиды	4:52	4:57		✓	✓	✓	✓
СДОБА	Әр түрлі қоспалар қосылған тәтті нан пісіруге арналған бағдарлама. Бағдарлама қамырды араластыруды, көтеруді және нан пісіруді қамтиды	3:27	3:32		✓	✓	✓	✓
БЕЗГЛЮТЕНОВЫЙ ХЛЕБ	Глютенсіз ұннан нан пісіруге арналған. Бағдарлама қамырды араластыруды, көтеруді және нан пісіруді қамтиды	2:14	2:19			✓	✓	✓

Бағдарлама	Қолдану жөніндегі нұсқаулық	Бастапқы күйі бойынша әзірлеу уақыты		Әзірлеу уақытының диапазоны / орнату қадамы	Ингредиенттерді қосу дыбыстық белгі бойынша	Стартты шешеру	Автокыдыру	Қабықша түсін таңдау
		500 г	750 г					
БЫСТРЫЙ ХЛЕБ	Ақ нанды жылдам пісіру үшін қолданылады. Ақ нанға арналған қамырға қосымша 750 г пісірме салмағына шаққанда 1/3 шай қасық ашытқы қосыңыз. Бағдарлама қамырды араластыруды, көтеруді және нан пісіруді қамтиды. Осы бағдарламаны жылдам шақыру үшін басқару тақтасында «БЫСТРЫЙ ХЛЕБ» батырмасын басыңыз	2:55	3:00			✓	✓	✓
КЕКС	Әр түрлі толтырыштар салынған кекстер пісіру үшін қолданылады. Бағдарлама қамырды араластыруды және нан пісіруді қамтиды	2:25		1 сағ 25 мин – 3 сағ 25 мин/ 5 мин	✓		✓	✓
ДЕСЕРТЫ	Әр түрлі десерттер пісіру үшін ұсынылады. Бағдарлама араластырусыз пісіруді қамтиды	0:45		5 мин – 2 сағ / 1 мин				
СУП	Көжелер мен сорпалар әзірлеу үшін ұсынылады. Бағдарлама араластырусыз пісіруді қамтиды	1:30		5 мин – 3 сағ / 1 мин				
ТУШЕНИЕ	Ет пен көкөністерді бұқтыру үшін ұсынылады. Бағдарлама араластырусыз пісіруді қамтиды	1:30		5 мин – 3 сағ / 1 мин				
БОРОДИНСКИЙ ХЛЕБ	Бородиндік нан пісіру үшін ұсынылады. Бағдарлама ингредиенттерді жылытуды, қамырды араластыруды, көтеруді және нан пісіруді қамтиды	3:47	3:52		✓	✓	✓	✓
ХЛЕБ С ДОБАВКАМИ	Әр түрлі қоспалар қосылған нан пісіру үшін ұсынылады. Бағдарлама қамырды араластыруды, көтеруді және нан пісіруді қамтиды	3:45	3:50		✓	✓	✓	✓
ИТАЛЬЯНСКИЙ ХЛЕБ	Итальян наны пісіру үшін ұсынылады. Бағдарлама қамырды араластыруды, көтеруді және нан пісіруді қамтиды	4:55	5:00		✓	✓	✓	✓
РЖАНОЙ ХЛЕБ	Қара бидай ұнынан нан пісіру үшін ұсынылады. Бағдарлама қамырды араластыруды, көтеруді және нан пісіруді қамтиды	4:27	4:32		✓	✓	✓	✓

Бағдарлама	Қолдану жөніндегі нұсқаулық	Бастапқы күйі бойынша әзірлеу уақыты		Әзірлеу уақытының диапазоны / орнату қадамы	Ингредиенттерді қосу дыбыстық белгі бойынша	Стартты шегеру	Автокыздыру	Қабықша түсін таңдау
		500 г	750 г					
ЗАМЕС	Көтерусіз және пісірусіз тұшы (ашытылмаған) қамырды араластыруға арналған бағдарлама. Осы бағдарламаны жылдам шақыру үшін басқару тақтасында «ЗАМЕС» батырмасын басыңыз	0:15						
ДРОЖЖЕВОЕ ТЕСТО	Ары қарай пісірусіз ашытылған қамырды араластыруға және көтеруге арналған бағдарлама	2:32						
ЗАМЕС С ИЗМЕНЕНИЕМ ВРЕМЕНИ	Көтерусіз және пісірусіз қамырды араластыруға арналған бағдарлама	0:16		1 мин – 50 мин / 1 мин				
ХЛЕБ ДЛЯ СЭНДВИЧЕЙ	Бидай ұнынан немесе бидай мен кара бидай ұндарының қоспасынан нан пісіру үшін ұсынылады. Бағдарлама қамырды араластыруды, көтеруді және нан пісіруді қамтиды	3:45	3:50		✓	✓	✓	✓
ЙОГУРТ	Әр түрлі йогурт түрлерін әзірлеуге арналған бағдарлама	8:00		6 ч – 10 сағ / 30 мин				
ДЖЕМ	Тосаптар, джемдер, пісірмеге, вафельдер мен балмұздақтарға арналған топингтер, кетчуптер, әр түрлі дәмдеуіштер әзірлеу үшін, сонымен қатар бірқатар өнімдерді үйде консервілеу үшін дайындау үшін қолданылады. Бағдарлама араластырусыз пісіруді қамтиды	1:30		5 мин – 2 сағ / 1 мин				
БИСКВИТ	Дайын қамырдан бисквиттер пісіруге арналған бағдарлама	1:00		5 мин – 2 сағ / 1 мин			✓	
МОЛОЧНАЯ КАША	Сүтте және суда ботқалар пісіруге арналған бағдарлама. Бағдарлама араластырусыз пісіруді қамтиды	0:40		5 мин – 3 сағ / 1 мин				
РАССТОЙКА И ВЫПЕЧКА	Бағдарлама дайын қамырдан бисквиттер және басқа өнімдер көтеру және пісіру үшін ұсынылады	2:40		1 сағ 50 мин – 4 сағ 20 мин / 5 мин			✓	
ВАРКА	Бағдарлама араластырусыз пісіруді қамтиды	1:30		5 мин – 3 сағ / 1 мин				

Бағдарлама	Қолдану жөніндегі нұсқаулық	Бастапқы күйі бойынша әзірлеу уақыты		Әзірлеу уақытының диапазоны / орнату қадамы	Ингредиенттерді қосу дыбыстық белгі бойынша	Стартты шегеру	Автокыздыру	Қабықша түсін таңдау	
		500 г	750 г						
МУЛЬТИПЕКАРЬ	Жеке рецепті бойынша нанды әзірлеу үшін қолданылады. Бағдарлама илеу мен қойып қоюдың әр кезеңі үшін уақыт орнатуға мүмкіндік береді, сондай-ақ пісіру мен автокыздыруға да. Осы бағдарламаны жылдам шақыру үшін басқару тақтасында «МУЛЬТИПЕКАРЬ» батырмасын басыңыз	Кезеңінің 1	Араластыруды	0:11	0 мин – 30 мин / 1 мин				
			Көтеруді	0:40	0 мин – 1 сағ / 1 мин				
		Кезеңінің 2	Араластыруды	0:10	0 мин – 1 сағ / 1 мин				
			Көтеруді	0:30	0 мин – 1 сағ / 1 мин		✓	✓	✓
		Кезеңінің 3	Араластыруды	0:00	0 мин – 1 сағ / 1 мин				
			Көтеруді	1:00	0 мин – 3 сағ / 1 мин				
		Пісіруді	1:00	0 мин – 3 сағ / 1 мин					
		Автокыздыру	1:00	0 мин – 1 сағ / 1 мин					



Француздық нан жылдам қатқылданады, сондықтан оны бір күннен астам сақтамаған жөн.

Глютен (балауыз) – бұл дақылды өсімдіктер құрамындағы және ұнға жоғары наубайханалық қасиеттер беретін ақуыз. Осы қасиет арқасында қамыр қатаңдық пен серпімділікті иеленеді. Алайда кейбір адамдарға глютенді тұтынуға тыйым салынған.

Сапалы нәтиже алу үшін арнайы, нан пісіргішіне қоса тіркелетін аспаздық кітаптағы рецептілерді пайдалануды ұсынамыз. Сәйкес рецептілерді сіз сонымен қатар www.redmond.companу сайтында таба аласыз.

STOP

III. АСПАП КҮТІМІ

Аспапты тазарту алдында аспаптың электр желісінен ажыратылғандығына және толық салқындағанына көз жеткізіңіз. Әр пайдаланғаннан кейін қалып пен аспаптың ішкі беттерін мұқият тазартыңыз.

НАЗАРАУДАРЫҢЫЗ! Аспап корпусын және электрлік қоректену сымын суға немесе басқа сұйықтықтарға батырмаңыз. Нан пісіргіш және оның бөлшектері ыдыс жуу машинасында жууға жарамсыз.

Аспапты тазалау барысында қатты сулықтар немесе сіңіргіштер абразивті пасталарды қолдануға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ. Сондай-ақ кез келген химиялық грессивті немесе асқа жанасатын заттармен бірге қолдануға кеңес берілмеген басқа да заттарды қолдануға болмайды.

1. Қақпақты ашып, пісіруге арналған қалыпты шығарыңыз, ол үшін оны тұтқасынан аздап сағат тіліне қарсы бұрап, жоғары тарту керек.
2. Араластыруға арналған қалақты шешіңіз. Егер қалақ біліктен шешілмесе, пісіруге арналған қалыпқа жылы су құйып, біршама уақытқа қалдырыңыз. Бұл жабысып қалған қамырды жібітіп, қалақ жеңіл алынады. Әрбір пайдаланғаннан кейін, қыздырып пісіруге арналған қалыпты тазалаңыз.
3. Аспаптың шешілетін бөлшектерін ыстық суда жұмсақ жуғыш құралмен жуыңыз.

i Қалыпты жүйелі пайдаланған кезде оның ішкі күюге қарсы жабынының түсі толықтай немесе ішінара өзгеруі мүмкін. Бұл іс жүзінде қалып ақаулығының белгісі болып табылмайды.

4. Бұйымның ішкі беті мен корпусын жұмсақ дымқыл асханалық майлықпен немесе ысқышпен сүртіңіз. Нәзік тазартқыш құралды пайдалануға болады. Корпуста су ақпалары мен сызаттардың алдын алу үшін оны құрғақ қылып сүртуді ұсынамыз. Жуу құралын ысқышпен немесе шүберекпен толықтай сүртіңіз, әйтпесе кейін ол пісірме дәміне әсер етуі мүмкін.

Аспаптың қақпағын ашу және орнату

Қақпақты, оның шығыңқысы корпусыға ойықта көрініп тұруы үшін, 45°-қа ашыңыз. Қақпақты өзіңізге қарай және оңға тартып, оны ажыратыңыз (A1 сызбаны қараңыз, 4 бет). Қақпақты орнына орнату үшін, оны 45°-қа бұрыштап ұстап тұрып, қақпақтың шығыңқыларын корпусыға ойықтарға салыңыз (алдымен оңды, содан кейін солды). Күш салмай қақпақтың жабылғандығына көз жеткізіңіз.

Сақтау және тасымалдау

Сақтау және қайта пайдаланудың алдында құралдың барлық бөліктерін тазалап, түгел құрғатыңыз. Құралды құрғақ желденетін жерде жылыту аспаптарынан алыс және тікелей күн сәулелерден алыс сақтаңыз.

Тасымалдау және сақтау кезінде құралдың зақымдануына және/немесе ораманың бүтіндігіне әкелуі мүмкін құралды механикалық әсерлерге ұшарытуға тыйым салынады.

Құралдың орамасын су мен басқа да сұйықтықтардан сақтау қажет.

IV. СЕРВИС-ОРТАЛЫҚҚА ЖОЛЫҒАР АЛДЫНДА

Ақау	Ықтимал себептері	Жою әдісі
Аспап қосылмайды	Электрқоректену бауы аспапқа және (немесе) электр розеткасына қосылмаған	Аспапты жөн розеткаға қосыңыз
	Электр розеткасы ақаулы. Электр розеткасында ток жоқ	
Аспап қосылды, бірақ араластыру жүрмейді	Сіз қамырды араластыруға арналған қалақты орнатпадыңыз	Пісіруге арналған қалыпты тазартып, қалақты қалып түбіне орнатып, үрдісті қайтадан басыңыз
Дисплейде «tt» хабарламасы пайда болды	Бағдарламаны қосқанға дейінгі нан пешінің ішкі температурасы қатты жоғары	Аспапты электр желісінен сөндіріңіз. Аспап қақпағын ашып, іштегі температура бөлме температурасына дейін төмендегенше күтіңіз. Нан пісіргішті қосып, бағдарламаны қайтадан іске қосыңыз
Дисплейде «E» хабарламасы пайда болды	Температуралық қадағалау жұмысындағы ақаулық	Аспапты электр желісінен суырып тастаңыз да, аспаптың ішкі температурасы бөлмедегідей болғанша күтіңіз. Нан пісіргішті электрлік желіге қосып, бағдарламаны қайтадан іске қосыңыз. Егер хабарлама қайталанса, авторландырылған сервис орталығына жүгініңіз

i Егер қателікті дұрыстай алмасаңыз, авторизацияланған сервистік орталыққа жүгініңіз



Кепілдіктен кейінгі жөндеуге арналған қосалқы бөлшектерді табуға болады сайтта қолжетімді <https://redmondsale.com>

V. КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕЛЕР



* Стандартты кепілдік 1 жыл. Қосымша кепілдік қызмет көрсету жылы сайтта тіркелгеннен кейін ұсынылады <https://warranty.redmond.company/>

Кепілдік кезеңі ішінде дайындаушы жөндеу, бөлшектерді ауыстыру немесе барлық бұйымды ауыстыру жолымен кез келген зауыттық ақауларды жоюға міндеттенеді. Кепілдік тек сатып алу күні түпнұсқалық кепілдік талонында дүкен мөрімен және сатушы қолымен расталған жағдайда ғана күшіне енеді. Осы кепілдік тек бұйым пайдалану бойынша нұсқа-

улыққа сәйкес қолданылған, жөнделмеген, бұзылмаған және онымен дұрыс жұмыс істемеу нәтижесінде зақымданбаған, сонымен қатар бұйымның толық жинағы сақталған жағдайда танылады. Осы кепілдік бұйымның табиғи тозуына және шығын материалдарына таралмайды (қыш және тефлондық және т. б.)

Бұйымның қызмет мерзімі мен оған кепілдікті міндеттемелердің қолданыс мерзімі бұйым сатылған немесе өндірілген кезден есептеледі (егер сату күнін анықтау мүмкін болмаса).

Аспап өндірілген күнді бұйым корпусының сәйкестендіру жапсырмасындағы сериялық нөмірден табуға болады. Сериялық нөмір 13 белгіден тұрады. 4-ші және 5-ші белгілер айды, 6-шы және 7-ші – құрылғының шығарылған жылын білдіреді.

0	0	0	1	1	2	2	3	3	3	3	3	3
---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---

1 – өндірілген айы (01 – қаңтар, 02 – ақпан ... 12 – желтоқсан)

2 – өндірілген жылы (21 – 2021 ж., 22 – 2022 ж. ... 30 – 2030 ж.)

3 – үлгінің сериялық нөмірі

Өндіруші бекіткен аспаптың қызмет ету мерзімі бұйымның пайдаланылуы осы нұсқаулық пен қолданылатын техникалық стандарттарға сәйкес жүруі жағдайында сатып алынған күнінен 5 жылды құрайды.

Орамды, пайдаланушы нұсқаулығын, сонымен қатар аспаптың өзін қалдықтарды қайта өңдеу бойынша жергілікті бағдарламаға сәйкес пайдаға асыру керек. Мұндай бұйымдарды әдеттегі тұрмыстық қоқыспен тастамаңыз.

www.redmond.company
www.multivarka.pro
Made in China

RBM-M1921-CIS-UM-7